

АҚТӨБЕ

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Тәуелсіздік тағылымы



Жолдасбеков Мырзатай

**Мәңгілік Ел — ата-бабаларымыздың
сан мың жылдан бергі асыл арманы.
Біз армандарды ақиқатқа айналдырдық.
Мәңгілік Елдің іргетасын қаладық.**

Нұрсұлтан Назарбаев.

Ұзына бойы тарихымызда небір қиямет-қиындықтарды басымыздан кешкен; сан рет қирап, сан рет бой түзеген; «тарихтың тағдырлы көші» дейтін ұзақ жолда салтанатты да өмір сүрген; хандары алтын тақта да отырған, алтын сарайларда да тұрған, іргелес елдермен бейбіт өмір сүре де білген елміз.

Тауқыметті соншама көп кешкен, тағдыры аянышты, езіліп-жаншылған, жабығып-жапа шеккен, тарығып-зарыққан халық жер бетінде екеу болса, соның біреуі — қазақ. Соның салдарынан қазақ кезінде атамекенін тастап, жан-жаққа шашырап та кетті.

Ресейге бодан болған үш ғасырда тарихымыз, ар-ожданымыз табанға тапталды. Кеңпейіл, аңқау қазақтың мал-жаны тәркіленіп, ашаршылыққа ұшырады. Өзгенің тарихын өзімізге теліп оқытты. Хандарымыз бен билеріміз, бектеріміз бен батырларымыз — әжуаға, келекеге, тарихымыз — саясаттың құралына, Алаш арыстары өз халқының жауына айналды. Сана, дәстүр күйреді. Халық жадынан айырылды. Ұлт ретінде жер бетінен жойылып кете жаздадық. Қазақтың: «Қаратаудың басынан көш келеді» деп зарлағаны, Қазтуған жыраудың: «Қайран да менің Еділім» деп қабырғасы сөгілгені; Үш жүздің басын қоса алмай, қала сала алмай, көшіп-қонған жұртын ел ете алмай Абылайдың пұшайман болғаны; Бұқар жыраудың жер тіреп күңіренгені; «Еділді келіп алғаны — етекке қолды салғаны, Жайықты келіп алғаны — жағаға қолды салғаны», «Әдіра қалғыр Үш Қиян» деп Мұрат ақынның күйзелгені; «Бас-басына би болған өңкей қиқым, Мінеки, бұзған жоқ па елдің сиқын» деп Абайдың қабырғасы қайысатын осы тұс еді.

Ел ылаң, дүние топалаң болған, жылқы ысқырса — желдікі, айдаса — жаудікі болып тұрған; қазақтың аузынан қақпақ, басынан тоқпақ кетпеген; қылыш —қынабынан, қанжар қынынан суырылған; найза белдеуден шешілген, бес қаруын асынған; ат үстінде күн көрген, аптада белін шешпеген; пыран киіп, пырақ мінген; іргеден Жоңғар, түстіктен Қоқан қоқаңдаған, шығыстан — Қытай, батыстан Ресей қыспақтаған заман еді.

Даламызды да, өзімізді де көрмеген батыстың ғалымдары қазақты жер бетіндегі жабайы көшпенділердің қатарына қосты. Олар өркениеттің Шығыстан басталғандығын, Еуропа қалың ұйқыда жатқанда бұл өңірде салтанатты өмір салты болғандығын біле тұра, мойындағылары келмеді. Өркениеттің тұтас бір дәуірін жасаған ата-тегіміз — ғұндарды да, оның көсемі Еділ (Аттила) патшаны да; көк Тәңірі мен қара жердің ортасын түгел билеген, дүниенің төрт бұрышын аузына қаратқан Қағанат қаһармандарын да жабайыға санады. Түрік өркениетін ауыздарына да алғысы келмеді.

Қалай айтқанда да, қай заманда да тарыққанда — жол, қамыққанда — ақыл тапқан, елдіктің туын жықпаған, қалың елінің көшін бастаған Елтұтқалар қазақта аз болған жоқ: Мөде, Бумын, Естеми, Елтерістей қағандар, Керей, Жәнібек, Қасым, Есім, Тәуке, Абылайдай хандар; Тоныкөк, Қорқыт, Асан қайғы, Қазтуған, Шалкиіз, Үмбетей,

Ақтанберді, Бұхардай абыз жыраулар; Майқы, Төле, Қазыбек, Әйтекедей кемеңгер билер; Еділ, Күлтегін, Алпамыс, Қобыланды, Едіге, Қарасай, Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбайдай даңқты батырлар елдігімізді де, кеңдігімізді де сақтап қалған асылдар еді.

Әсіресе қазақты ұлт қып ұйыстырып, ел қылып қалыптастырған Абылай хан мен Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің жөні бөлек. Бұлар — басына бақ қонып, Қыдыр дарыған; көсілгенде — көсем, шешілгенде — шешен; қалың елдің қайғысын жұтып, қамын жеген; қара қылды қақ жарған; жұртына тірек, пана болған; ақылы дария кен болған, қараға да, ханға да тең болған; еліне сөзі ем болған, жұртына сөзі жөн болған, әділдігімен елді аузына қаратқан дала данышпандары еді; қазақ халқының төрт кемеңгері, елдігіміздің төрт құбыласы — төрт тіреуі; билік пен шешендіктің жығылмайтын төрт туы еді.

Бүгінде іргелі ел болып отырғанымыз да әуелі сол әруақтардың арқасы.

Сол заманда Абылай, Төле, Қазыбек, Әйтекедей даналардың болғаны — қазақтың бағы еді; көз жасын құдайдың көргені, тілеуін бергені еді; дегенінің болғаны, көңілінің толғаны еді; басына бақтың қонғаны еді...

«Дәуір алмасып жатқанда өмір сүрме», — дейді екен қытайлар. Бүгінгі ұрпақтың өмірі дәуір мен дәуір, ғасыр мен ғасыр алмасып, заман өзгеріп жатқан тұсқа тура келді. Біз осы күнге арып-ашып, жадап-жүдеп, шаршап-шалдығып, талықсып, сеңдей соғылысып, тентек қойдай теңселіп, ақылымыздан, жадымыздан, санамыздан айырыла жаздап жеттік.

Құдайға шүкір, Алла жасымызды көрді, тілегімізді берді; басымыздан бақ тайған, қан жылаған зар заманымыз артта қалып, жаңа дәуірдің, жаңа заманның есігін аштық.

Иә, тағдыр, заман солай болды. Тәуелсіздікке кемеңгер үш би де, ұлы Абылай хан да, басын бәйгеге тіккен баһадүрлер де жете алмады. Біз жеттік.

Сөйтіп, көз алдымызда жер де, ел де, адам да, қоғам да, заман да демде өзгерді. Күл-талқаны шығып, быт-шыт болып қираған өндіріс ошақтары қайта жанданды. Ел есін жиды, етегін жапты, еңсесін көтерді. Халықтың көңілі орнығып, жаңа заманның кәсіп-тіршілігіне көшті. Ызы-қиқы, мехнат-қиындықтар ұмыт бола бастады.

Небары жиырма жылдың ішінде бүтіндей жаңа мемлекет — Тәуелсіз Қазақстан елі көш түзеді. Ұлы көшті Нұрсұлтан Назарбаев бастады.

Нұрсұлтан Әбішұлы ел тізгінін қолына алмағайып, аумалы-төкпелі, қиын кезеңде алды. Бабаларымыз мирас еткен сара жолдан тайған жоқ, ел бірлігін тәуелсіздігіміздің туы етіп көтерді. Тарихтың да, тағдырдың да сынынан абыроймен өтіп, халқын да қыл көпірден, жанып тұрған өрттен аман алып шықты.

Нұрсұлтан Назарбаев — түп атасынан, арғы тегінен батырлық, шешендік үзілмеген тектілердің ұрпағы. Бабасы — еңсегей бойлы Есімханның туын ұстаған қолбасшы Қарасай батыр, атасы — Назарбай би. Әкесі Әбіш пен анасы Әлжан Сұлтанын әулиеге түнеп жүріп, Құдайдан тілеп алған.

Болашақ Президентті мен алғаш 1958 жылы көрген едім. Қаскелеңдегі Абай атындағы қазақ орта мектебінде педпрактикадан өткенімде Нұрсұлтан оныншы кластың оқушысы еді. Жүзі жайнап, екі көзі оттай жанып, жарқ-жұрқ етіп, ай маңдайы жарқырап, бәйге атындай тыпыршып отыратын. Сол кездің өзінде-ақ есімі елдің аузында болатын.

Елдің тілегімен, халқының қолдауымен Нұрсұлтан Назарбаев 1991 жылдың бірінші желтоқсанында Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Президенті болып сайланды. Тәуелсіз мемлекет орнату, оны баянды ету қиынның қиыны еді. Осы жауапкершілікті қалың елдің ішінен суырылып шығып, мойнына алды, өз тағдырын елінің тағдырымен жалғады, сөйтіп, халқының үзілген үмітін, шырағын жақты.

Тәуелсіздік алған жылдары даурығысып, қалпағымызды аспанға лақтырып, қуаныстық. Қуанған да, қорыққан да бір дегендей, есі шыққан ел не істерін білмей, шеруге де шықты. Шеруге не үшін шыққандарын білген де жоқ.

Тәуелділіктен арылып, тәуелсіздікпен қауышқан тұста, ызы-қиқы кезеңде, Нұрсұлтан Назарбаевтың елі үшін түн ұйқысын төрт бөлген мазасыз күндерінің, ұйқысыз түндерінің куәсі болған, жан тебіренісін де, күйзелісін де көрген; би құлдың сөзін сөйлеп, бит балаққа шыққан кезеңде жанында болған; қолғабыс тигізген кісінің бірімін.

Алмағайып заманда, екі дүние, екі дәуір арпалысқа түскен шақта Президент:

«Мен халқымның тәуекеліне сендім. Өз халқымның жолында басымды бәйгеге тіккен адаммын. Маған осындай текті халыққа, мені төбесіне көтерген халыққа, арғы-бергідегі қазақ баласының бір де бірінің пешенесіне бұйырмаған бақытты — тәуелсіз мемлекет құрудың бақытын бұйыртқан халыққа қызмет етуден артық бақыт жоқ, осы жолда мен бар қайрат-қабілетімді, білім-білігімді аямай жұмсаймын, қандай да тәуекелге барамын...» деп жүрді.

Содан бері Елбасы үнемі халқына сеніп, халқына арқа сүйеп келеді. Президентті қолтығынан демеген де, демейтін де, қолдаған да, қолдайтын да — туған халқы.

Елбасы саясатының алтын арқауы, басты өзегі — ел бірлігі, елдің ынтымығы.

Мемлекет орнату үшін бізге ең алдымен ынтымақ, бірлік, елдің тыныштығы керек еді. Ырың-жырыңға жол бермеу керек еді. Осы жолдан Елбасы ешқашан тайған емес.

Одақ тарағаннан кейін бұрынғы одақтас республикалардың бәрі де дағдарысқа ұшырады. Қалыптасқан колхоз-совхоздар ыдырады, зауыт-фабрикалар күйреді, балабақшалар, мектептер, мәдениет ошақтары талан-таражға түсті, экономика құлдырады, ел күйзеліп; жұртты үрей биледі. Ауыл әбіржіп, жұрт қалжырап, зиялылар жаутандап, жастар сандалып қалды; маскүнемдік, нашақорлық, жезөкшелік, өзге де індет етек алды.

Неше түрлі арандатушылар шықты, жұртты әбіржітті, ел ішіне іріткі салды. Елдің есі шықты. Шерулер көбейді. Түрлі қозғалыстар пайда болды. Адамның ақылына сыймайтын митингілер қаптады. Небір «шешендер» шықты суырылып. Неше түрлі газеттер шыға бастады. Қысқасы, жұрт бетімен кетті. Солардың көбі жаңа ғана тәй-тәй басып, қаз-қаз тұрып, тілерсегі дірілдеп, құлағы қалқайып келе жатқан тәуелсіздікке демеу болудың орнына бөгеу болды, кесірін тигізді. Көбінің аузынан ақ ит кіріп, көк ит шықты. Елді бүлікке де шақырды. Елбасын балағаттап та жатты. Сөйтіп жүріп «Демократия қайда?!» деп айқай салды. Осылай елдің де, ердің де тағдыры сынға түсті.

Елбасы осының бәріне шыдады. «Мұратымызға жету үшін біз қиын жолдардан да өтуіміз керек, төзімді болуымыз керек», — деп жүрді. «Тілі байланған, қол-аяғы кісенделген ел едік. Жұрт енді еркін сөйлеуді де үйренсін», — деді. Кеңшілік жасады.

Жұрт еркімен жүрді, еркімен сөйледі, дегенін істеді. Бірақ демократия аузына келгенді оттау, ойына келгенді істеу емес екендігін, демократия дегеніміз интеллектуалды ақылдың билігі екендігін бәрі бірдей түсіне бермеді. Сол бір алмағайып кезеңде Елбасы халықтың ортасынан шыққан нағыз интеллектуал екендігін, саясатта салқынқандылық, төзімділік керек екендігін шебер дәлелдеді. Кемеңгерлікке тән мінез танытты. Ел сенімін ақтады. Құдайға шүкір, соның арқасында Тәуелсіздіктің көк байрағы желбіреп, азаттықтың ақ таңы атты. Қаланың да, даланың да ажары кірді. Жаңа қоғам, жаңа заман, жаңа адам келді. Ой-сана, тұрмыс-тіршілік өзгерді. Тарих, әдет-ғұрып, дәстүр қайта жаңғырды. Мылқау елдің тілі шықты. Ел жаңарды, жер түледі. Мемлекеттілігіміз бекіді, баянды ішкі, сыртқы саясат орнықты.

Біз бұрын мемлекет орнатпаған, ту тікпеген, Астана салмаған, Орда тұрғызбаған ел едік. Елордалы, Ақордалы, Елбасылы ел болдық. Елордамыз бүгінде халықаралық қатынастардың да, ынтымақ пен бірліктің де астанасына айналды.

«Бабалары батыр, аналары дана халқым бар; тағдырдың талай тауқыметін кешірген төзімді халқым бар; ұлт пен ұлыстарға пана бола білген мәрт халқым бар; жүрегі жомарт, ақылы дария, көңілі кіршіксіз ақкөңіл халқым бар; жерін жауға бермей аман алып қалған батыр халқым бар; данышпан-даналарды, кемеңгер ғалымдарды, алып батырларды, сұңғыла шешендерді, тура билерді дүниеге келтірген дана халқым бар. Жомарт халқымнан, дана халқымнан айналдым» — деп тебірене жазады Елбасы.

Ол үнемі елім деп еміреніп, туған халқына аянбай қызмет етіп келеді. Не көрсе де елімен бірге көріп, бірге жасасып келеді.

«Қатты жерге қақ тұрар, ынтымақты елде бақ тұрар» деген сөз бар бабаларымыздан қалған. Билікке таласып, баққа таласып, таққа жармасатын таққұмарлардың не ойлайтынын қайдам, халық елдің тыныштығын, жердің бүтіндігін тілеп отыр. Елбасының

да күні-түні ойлайтыны, Алладан тілейтіні осы. Оның халқымен қаны да, жаны да, жүрегі де, тілегі де бір.

Аумалы-төкпелі заманда біразымыз Нұрсұлтанның жанынан табылдық. Біздің басымызды жаңа мемлекет орнату идеясы біріктірді. Есі шыққан елге демеу болып, тізе қосып, жан аямай ұлтқа қызмет жасадық. Мұнымыздың уақыт үшін де, ұлт үшін де пайдасы аз болған жоқ. Ахуалдың орнығуына, жас мемлекеттің іргесінің берік қалануына шама-шарқымызша үлес қостық.

Мемлекет орнату, оны қалыптастыру, баянды ету, әлемге таныту дейтін күрделі процеске қатысуды Алла кез келген кісінің пешенесіне жаза бермейді. Мен сол тұста бес жыл бойы мемлекетіміздің руханият саласын — идеологиясын басқардым. Халық, мемлекет алдындағы ауыр да жауапты міндетті абыроймен атқардым деп ойлаймын.

1991 жылдың 1 желтоқсанында Тұңғыш Президент сайлауын өткіздік. Сайлаудың штабын басқару да, Президенттің инаугурациясын — таққа отыру рәсімін өткізу де маған жүктелді. Мұны да абыроймен өткіздік. Оны қазақ халқы да, тарих та ұмытпайды деп ойлаймын.

Хан тұсында қан шашылмасын деп ақсарбас шалдық. Боздақтар аман болсын деп бозқасқа шалдық. Президенттің басына мұрақ кигізіп, иығына шапан жаптық; үш жүздің таңбасын салдырып, беліне кісе соқтырдық. Ақ киіздің үстіне тұрғызып ант бергіздік. Алатаудан отыз рет зеңбірек атып, тәуелсіздігімізді әлемге паш еттік.

2004 жылы Ақ Орданың ашылу салтанатында да қалың елді құттықтап, Елбасына бата беру — менің еншіме тиген еді. Әбіш Кекілбаев, Ақселеу Сейдімбек үшеуіміз барып, халықтың атынан бата берген едім. Мұны да тарих ұмытпайды деп білемін.

Нұрсұлтан Назарбаев — әлем мойындаған, атағы алысқа кеткен, жер жаһанға сөзі өтіп, айтқанын істетіп отырған бүгінгі заманның лидері; тумысынан кие дарыған қайраткер; табанды күрескер; гуманист, туған халқының Бәйтерегі, Көсемі, Кемеңгері.

Біз ықылым замандардан бері Ұлы дала төсінде сан қилы тағдырды басынан кешкен, осы күнді армандаған ел едік. Сақ Ата дәуірінде де, Қағанат, Хандық заманында да, Әз Жәнібектің, Ер Абылайдың тұсында да еш ұрпақ мұншалықты бақытты, мұншалықты дәулетті көрген жоқ. Арғы-бергі заманда Ұлы далада Назарбаевтай мемлекет орнатқан, жер жүзіне даңқы асқан тұлға туған жоқ. Не бары 24 жылдың ішінде әлем санасатын елге айналдық. Осының бәріне куә болып отырған, осындай елде өмір сүріп жатқан бәріміз де бақыттымыз.

Бір кезде жығылған Орданы қайта тігу, құлаған туды қайта тіктеу, елдің елінің ғана, ердің ерінің ғана қолынан келетін іс еді. Шүкір, бүгінде ынтымағы жарасқан, егеменді Еліміз бар, құлан жортса тұяғы тозатын, қыран ұшса қанаты талатын ұлан-байтақ Жеріміз бар; Абылайдың да аманатын орындаған Еріміз бар.

Елдің аты — Қазақстан, ердің аты — Нұрсұлтан. Қазақстан, Астана, Назарбаев бүгінде бір-бірінен бөлінбейтін тұтас ұғымға айналды.

Елбасының ендігі арманы — бағы замандардан кім келіп, кім кетпеген; талай мемлекет салтанат құрған, әлемді аузына қаратқан, хандары алтын сарайларда да тұрған, алтын тақта да отырған, талай өркениет қалыптастырған Ұлы Далада Мәңгілік Ел орнату.

Ұлы Дала мектебін, Ұлы Дала университетін, Ұлы Дала академиясын, Ұлы Даланың бұлжымайтын салт-дәстүрін, тозбайтын тағылымын, ғылымын, білімін, тәлімін қазақ мыңдаған жылдар бойы өзі қалыптастырған. Сөйтіп, ұрпақ санасына құйып отырған.

Елбасы өзінің Мәңгілік Ел идеясын мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан даналықты да, шешендікті де, көсемдікті де қайта жаңғырту үшін ұсынып отыр. Халқымыздың шешендігі мен даналығын қайта жаңғырту үшін Астанадан алдымен Төле бидің шешендік мектебін, Абайдың даналық мектебін ашып, дарынды балаларды жинап, сонда оқыту керек. Келешек үшін игілікті істің басы осы болады.

Ұлы Дала Елі — талай өркениеттердің қауышқан-тоғысқан алтын құндағы. Мәңгілік Ел — Ұлы Далада керегесін кең жаятын ұлы құбылыс.

Иә, сөйтіп, елімізде Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған айтулы той өтті. «Мәңгілік Ел» театрландырылған қойылымы халықтың сүйіспеншілігіне бөленген, көпшіктің көкейінен шыққан тамаша туынды болды. Ұлы Далада ата тарихымыз, ұлы хандарымыз қайта тіріліп, бүгінгі ұрпақпен қайта қауышты.

Тағылымды, өнегелі тойдың алтын арқауы — Мәңгілік Ел идеясына ұласты. Мәңгілікке қарай қадам бастық, құтты болсын! Еліміз мәңгі болсын, Қазақстан қатарының алды болсын!